**Қарабас ауылдық округінің Дөңгелек ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 11 шілдедегі N 6/6-V шешімі және Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 10 шілдедегі N 301 бірлескен қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 17 шілдеде N 2589 тіркелді

РҚАО ескертпесі.
Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 5, 12 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес алаңдарда Қарабас ауылдық округінің Дөңгелек ауылының шекарасы (шегі) өзгертілсін және Қарабас ауылдық округінің Дөңгелек ауылының елді мекенінің шекарасын (шегін) белгілеудің жерге орналастыру жобасына сәйкес белгіленсін.
2. «Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Калиновский В.Я.) жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістерді енгізсін.
3. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Қ. БАЙҒОНУСОВ*

*Сессия төрағасы,*
*аудандық мәслихат хатшысы* *Қ. САДЫҚОВ*

Бірлескен Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 10 шілдедегі

№ 301 қаулысы мен Бесқарағай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 11 шілдедегі № 6/6-V шешіміне қосымша

# Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округінің Дөңгелек ауылының елді мекенінің Экспликациясы

| № | Жер пайдаланушылардың атауы | Жоспардағы барлық жерлер, га | Бөгденің пайдалануындағы жерлер, га | Елді мекенге бекітіледі, га | а/ш алқаптары, барлығы га | олардан | | | | өзге де, га | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | егістік | тыңайма | шабындық | жайылым | барлығы | Құрылыс үшін | Су астындағы | О/қ кір ағашты екпелер |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 1 | Өндіріс ауылының жерлері | 566,0085 | 0,0085 | 566,0 | 531,9 | - | - | - | 531,9 | 34,1 | - | - | 2,9 |
| 2 | Босалқы жерлер | 630,0179 | 0,0179 | 630,0 | 548,1 | - | - | - | 548,1 | 81,9 | 7,3 | 46,5 | - |
| | **Барлығы** | **1196,0264** | **0,0264** | **1196,0** | **1080,0** | **-** | **-** | **-** | **1080,0** | **116,0** | **7,3** | **46,5** | **2,9** |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК